

# Ұлт мүддесін алға қойған қайраткер

**Қазақ халқының рухани жаңғыру жолында өлшеусіз еңбек еткен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 95 жыл толуы – ел тарихындағы айтулы дата. Бұл мерейтой бір ғана тұлғаның өмір жолын еске алу емес, қазақтың мәдениеті мен тарихи санасын қайта тірілткен тұтас бір кезеңге тағзым ету болып табылады.**

Өзбекәлі Жәнібеков – кеңестік дәуірдің қатаң идеологиялық шектеулеріне қарамастан, ұлттық мүддені батыл қорғап, қазақ руханиятының жоғын түгендеген қайраткер. Ол мемлекет ісінде жүріп-ақ халықтың тарихи жадын сақтауға, ұмыт

қалған құндылықтарды қайта жаңғыртуға бар күш-жігерін жұмсады.

Өзбекәлі Жәнібеков – ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақтың тарихи жады мен мәдени болмысын сақтап қалу жолында аянбай еңбек еткен бірегей тұлға. Өз дәуірінде бас көтерер азамат ретінде ұлттық мүддені батыл көтере білді, қазақ халқының рухани құндылықтарын жаңғыртуға бар ғұмырын арнады.

Қайраткердің ел тарихындағы орны ең алдымен мәдениет саласындағы іргелі істерімен айқындалады. Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей бастама-сымен қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлері, тарихи мерекелері қайта жаңғыра бастады. Соның ішінде ғасырлар бойы халық жадында сақталған, бірақ ұзақ уақыт бойы ресми түрде тойланбай келген Наурыз мейрамының қайта оралуы – оның ұлт алдындағы өлшеусіз еңбегінің айқын дәлелі. Оның тіке-

лей қолдауымен Наурыз мейрамының қайта жаңғыруы, бұл тек бір мерекенің қайтарылуы емес, халықтың тарихи тамырымен қайта қауышуы еді.

Бұл қадам қазақ қоғамының рухын көтеріп, тарихи тамырына қайта үңілуіне жол ашты.

Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық мұраның тек сөз жүзінде емес, нақты іс арқылы қорғалуы керектігін терең түсінді. Соның жарқын көрінісі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта жаңғырту жолындағы табанды еңбегі. Бұл киелі орынның тарихи келбетін сақтап қалу арқылы ол күллі түркі әлемінің рухани орталығын қорғап қалды. Сонымен қатар, көне қалалар мен тарихи ескерткіштерді зерттеу, сақтау, қалпына келтіру ісіне ерекше мән берді.

Қайраткердің ел тарихындағы ең ірі еңбектерінің бірі – Торғай өңірін қайта түлету жолындағы қызметі. 1970–1980 жылдары бұрынғы Торғай облысының

құрылуы мен дамуына Өзбекәлі Жәнібеков тікелей атсалысты. Ол Торғай даласының қазақ тарихындағы айрықша орнын терең түсініп, бұл өлкені тек әкімшілік аймақ ретінде емес, ұлттық рухтың, елдік дәстүрдің алтын бесігі ретінде қарастырды.

Қазіргі Қостанай облысына қарасты Арқалық қаласының өсіп-өркендеуінде де Өзбекәлі Жәнібековтың еңбегі зор. Арқалықты Торғай облысының орталығы ретінде қалыптастыру, қала инфрақұрылымын дамыту, мәдени және әлеуметтік нысандардың салынуына ықпал ету – оның өңірге деген жанашырлығының айқын көрінісі. Арқалықта театр, музей, мәдениет үйлері ашылып, рухани өмір жандана түсті. Бұл бастамалардың барлығы Торғай жұртының тарихи санасын оятуға, өңірдің беделін арттыруға бағытталды. Сол бастамалардың біреуі кезінде дүркіреп өткен «Торғай әуендері» фе-

стивалін атап өтуге болады.

Өзбекәлі Жәнібеков Торғай өңірінің тарихын жаңғыртуға да ерекше көңіл бөлді. Ол Алаш қозғалысының, ұлт-азаттық көтерілістердің, Торғай даласынан шыққан тарихи тұлғалардың еңбегін халыққа кеңінен танытуға күш салды. Торғайды қазақ мемлекеттілігінің, еркіндік пен азаттық идеясының символы ретінде дәріптеді.

Өзбекәлі Жәнібеков этнография, ұлттық қолөнер, салт-дәстүр мәселелерін терең зерттеген ғалым ретінде де танылды. Қазақтың киім үлгілері, тұрмыс мәдениеті, дәстүрлі өнері туралы еңбектері бүгінгі күні де құндылығын жойған жоқ. Ол үшін мәдениет – өткеннің көлеңкесі емес, болашаққа бастар рухани бағдар болды.

Қайраткердің болмысына тән басты қасиет – елге адал қызмет ету, әділдік пен қарапайымдылық. Ол

қай өңірде, қай қызметте жүрсе де, халықтың мүддесін бірінші орынға қойды. Әсіресе Торғай жұрты оның еңбегін бүгінге дейін ерекше құрметпен еске алады.

Бүгін Өзбекәлі Жәнібековтың 95 жылдығын атап өту – оның рухани аманатына адал болу деген сөз. Торғайдай қасиетті өңірдің тарихын қастерлеу, Арқалықтай қаланың өткені мен болашағына жауапкершілікпен қарау – ұлт жанашыры қалдырған өсиеттің жалғасы.

Өзбекәлі Жәнібековтың есімі қазақ халқының жадында Торғай рухын тірілткен, ұлттық мәдениетті жаңғыртқан, елдік сананы биіктеткен дара тұлға ретінде мәңгі сақталары сөзсіз.

**Көркем  
ИСМАЙЛОВА,  
Арқалық қаласы  
№2 жалпы  
білім беретін  
мектебінің ау-  
дармашы, қазақ тілі  
мен әдебиеті пәні  
мұғалімі**